КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 10 маусым 2399-25-00-4а/ 114 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья М.А. Парменов,
судьялар Б.Б. Жумабаев, Б.К. Карешова болып,
талап қоюшы Қ.Н. Сайфулланың,
жауапкердің өкілі Ж.Ш. Абдуллинаның,
мүдделі тұлғалардың өкілдері С.М. Нургалиевтің,
А.А. Утепбергенованың,
аудармашы А. Темирболатованың қатысуларымен,

ашық сот отырысында талап қоюшы жеке кәсіпкер «Сайфулла Қ.Н.» Қуандық Нұрболатұлы Сайфулланың (әрі қарай-ЖК «Сайфулла Қ.Н.») жауапкер «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай- балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (әрі қарай-КМҚК) 2025 жылғы 3 наурыздағы №01-2-03/208 шешімін заңсыз деп тану туралы талап қоюы бойынша әкімшілік істі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 29 сәуірдегі шешіміне талап қоюшы ЖК «Сайфулла Қ.Н.» берілген апелляциялық шағыммен қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

2025 жылғы 1 қаңтарда жауапкер «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-мен (әрі қарай-«Балбөбек» бөбекжай- балабақшасы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына» (әрі қарай- Қағида) сәйкес тәрбиеленуші балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу мақсатында №13545477-1 конкурсы (38 лот) жарияланған.

2025 жылғы 12 ақпанда жарияланған №13545477-ОК1 (№14197674) қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссия жарияланған 38 лоттың 33 лоты бойынша мүдделі тұлға ЖК Бахтылы Куспангалиевна Махмудова және қалған 5 лот бойынша ЖК Гульнар Мухитовна Өтепбергенова жеңімпаз деп танылған.

2025 жылғы 17 ақпанда талап қоюшы ЖК«Сайфулла Қ.Н.» конкурстық комиссиясының қорытындысымен келіспей, e-otinish веб-порталы арқылы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Карешова Б. К., 11.06.2025

«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай-Департамент) шағым жолдаған.

2025 жылғы 20 ақпанда Департамент «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 25-бабының 1-тармағына сәйкес шағым тікелей тапсырыс берушіге немесе ұйымдастырушыға табысталатындықтан талап қоюшының шағымын өкілеттілікке сай жауапкер «Балбөбек» бөбекжай- балабақшасына» қарау үшін жолдаған.

2025 жылғы 3 наурызда жауапкер №01-2-03/208 шешімімен талап қоюшының шағымын қанағаттандырусыз қалдырған.

Талап қоюшы ЖК«Сайфулла Қ.Н.» сотқа талап қою жолдап, онда 2025 жылғы 12 ақпандағы қорытындылар туралы хаттамамен келіспей, конкурстың 33 лоты бойынша жеңімпаз болып танылған ЖК Махмудова Б.К. конкурсқа қажетті және тиісті құжаттарды тапсырмағанын, яғни «Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары» өлшемшарты бойынша «3» балл қойылған, алайда соңғысында автокөліктің эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама болмағанын, сонымен қатар, өзінің конкурстық құжаттарына қатысты тиісті баға берілмегенін, себебі тамақ өнімінің түріне қарамастан әлеуетті өнім жеткізушімен тамақ өнімдері нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесін растаған жағдайда, өтінім берген әрбір лот бойынша тиісті балл қойылуға жататынын, егер де осы негіздемелерді ескеретін болса ЖК Махмудова Б.К. жеңімпаз болып танылған лоттар бойынша өзі жеңімпаз болып табылу қажет, себебі конкурсқа тиісті құжаттарды уақыт бойынша бірінші тапсырғанын атап көрсетіп, жауапкердің 2025 жылғы 3 наурыздағы №01-2-03/208 шешімін заңсыз деп тануды сұраған.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының (әрі қарай-сот) 2025 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен талап қою қанағаттандырудан бас тартылған.

Соттың 2025 жылғы 29 сәуірдегі ұйғарымымен талап қоюшының тауарларды сатып алу конкурсының 2025 жылғы 12 ақпанындағы №13545477-ОК1 (№14197674) қорытындылар туралы хаттамасының күшін жою және қорытындысын қайта қарау туралы талап қоюы кері қайтарылған.

Апелляциялық шағымда талап қоюшы сот анықталған мән-жайларға толық баға бермей, заң талаптарын бұзып, талап қоюды негізсіз қанағаттандырудан бас тартқан, шешім заңсыз және негізсіз шығарылған деп көрсетіп, шешімнің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұраған.

2399-26-3-1-2/114

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Карешова Б. К., 11.06.2025

Тараптардың және мүдделі тұлғаның өкілдерінің түсініктерін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы төмендегідей тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (әрі қарай - ӘРПК) 168- бабының 1 -бөліміне сәйкес, апелляциялық сатыдағы сотта апелляциялық шағым бойынша апелляциялық шағым жасау мен әкімшілік іс жүргізу тәртібі, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) қағидаларында айқындалады.

АПК-нің 224-бабына сәйкес сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс.

Бірінші сатыдағы сотпен аталған құқық нормаларының бұзылуы орын алмаған.

АПК-нің 427-бабында апелляциялық тәртіпте сот шешімін өзгерту, күшін жою негіздері көзделген.

Сот алқасымен аталған бапта көзделген заң бұзушылықтар анықталмады.

Қағиданың 8-қосымшасының 1-тармағына, 131-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім жеткізуші конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 7 жылдағы, яғни 2018-2024 жылдардағы жұмыс тәжірибесін (тауарларды жеткізуге қатысты) растайтын құжаттарды (келісім шарт, тауарларды қабылдау-тапсыру актілері) ұсынған жағдайда, жұмыс тәжірибесі өлшемшарты бойынша әрбір 12 айға 1 балл қою белгіленген.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, сондай-ақ лоттарға бөлінген жағдайда конкурс жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

Соттың анықтаған жағдайына қарағанда жауапкер балды есептеуді, оның ішінде жұмыс тәжірибесі критерийі бойынша әрбір лот бойынша жеке жүргізген. Талап қоюшының құжаттарында лотта көрсетілген тауардың болмауына байланысты тауарды жеткізу туралы жұмыс тәжірибесін есепке алмаған, атап айтқанда, жеткізушінің тауықтың аяқтарын жеткізу бойынша жұмыс тәжірибесі болмағандықтан жауапкер талап қоюшының картопты жеткізу бойынша жұмыс тәжірибесін есепке алмаған.

Жауапкер мүдделі тұлға ЖК Махмудова Б.К. «Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары» өлшемшарты бойынша «3» балл қойған.

Талап қоюшы аталған жағдаймен келіспей, ЖК Махмудова Б.К. конкурсқа қажетті және тиісті құжаттарды тапсырмады, яғни өтініміне автокөліктің эпидемиологиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастау және тоқтату туралы хабарламаны қоса ұсынбады деген уәжін негіссіз деп дұрыс таныған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Карешова Б. К., 11.06.2025

ЖК Махмудова Б.К. өтінімге эпидемиологиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастау және тоқтату туралы хабарламаны қабылдау туралы талонды ұсынған.

Қағиданың 159-тармағында әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қажетті ақпаратты сұратады деп көзделген.

Жауапкермен, сонымен қатар, сотпен Қағиданың аталған тармағына сәйкес elicense.kz веб сайт арқылы эпидемиологиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастау және тоқтату туралы хабарламаны қабылдау туралы талон тексеріліп, аталған талон сайтта ашық қолжетімділікте орналастырылғаны, яғни мүдделі тұлға тарапынан табысталған талон негізді екені анықталған.

Сондай-ақ, іс құжаттарында 2025 жылғы 29 қаңтардағы талап қоюшының «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Құрманғазы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне эпидемиологиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастау және тоқтату туралы тапсырған хабарламасы және аталған мекеменің хабарламаны қабылдағаны туралы талоны тіркелген (т.2. і.б. 16-17).

Қағиданың 65-тармағына сәйкес жұмыс тәжірибесі бойынша баллдар саны тең болған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Сот ЖК Өтепбергенова Г.М. өтінімі 2025 жылғы 14 қаңтарда сағат 09:15:26-де, ЖК Махмудова Б.К.- 2025 жылғы 14 қаңтарда сағат 10:04:44-де, талап қоюшының -2025 жылғы 14 қаңтарда сағат 11:17:32-де түскенін анықтаған.

Демек, талап қоюшы өтінімін мүдделі тұлғалардың өтінімдерінен кейін табыстаған.

Сот анықталған мән-жайларға баға беріп, ӘРПК-нің 155-бабына сілтеме жасап, адалдық, әділеттілік, парасаттылық, ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге алып, жауапкердің дауланған шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдан деген қорытындыға келіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарқан.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Карешова Б. К., 11.06.2025

Соттың аталған тұжырымдары іс құжаттарымен, заң нормаларымен негізделген.

Сот алқасы бірінші сатыдағы соттың қорытындыларын негізді және заңды деп санайды.

Талап қоюшының апелляциялық шағымында сот актісінің заңсыздығы туралы сотқа ұсынылуы дәлелді себептермен мүмкін болмаған жаңа дәлелдемелерді келтірмеген және ұсынбаған.

Бірінші сатыдағы соттың тарапынан материалдық, іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы орын алмаған, шешім заңды және негізді шығарылған, сот актісін өзгертуге немесе күшін жоюға заңда көзделген негіздер жоқ.

Осыған байланысты шешім өзгеріссіз, талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 424- бабының 1- тармағының 1- тармақшасын, 425-426-баптарын, ӘРПК-нің 168-бабын басшылыққа алып, сот алқасы

қаулы етті :

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 29 сәуірдегі шешімі өзгеріссіз, талап қоюшы жеке кәсіпкер «Сайфулла Қ.Н.» апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Әкімшілік процеске қатысушылар қаулыға кассациялық шағым беру арқылы кассациялық тәртіппен апелляциялық сатының түпкілікті нысандағы сот актісі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 169-бабының талаптарын сақтай отырып Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Атырау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы арқылы шағым жасай алады.

Төрағалық етуші М.А. Парменов

Судьялар Б.Б. Жумабаев

Б.К. Карешова

2399-25-3-1-2/114

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Жұмабаев Б. Б., 11.06.2025
Құжатқа қол қойылған: Карешова Б. К., 11.06.2025
2399-26-3-1-2/114